

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
астық нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы
Заңының жобасы бойынша баяндама**

Құрметті Ромин Ризаұлы! Құрметті депутаттар, әріптестер!

Қазақстан үшін астық өндіру дәстүрлі сала және оны дамыту нан өнімдеріне қолжетімділікті анықтайды. Сондай-ақ жаңа технологияларды қолдану мен егістерді кеңейтуден басқа қолайлы құқықтық және технологиялық инфрақұрылым жасау саясатын әзірлеу және тәжірибеге енгізу қажет.

Осы уақытқа дейін аталған саланы заңнамалық қамтамасыз ету бойынша нақты жұмыстар жасалды. Мысалға, 2001 жылдан бастап Қазақстанда өтімділік құралы болып табылатын және ауыл шаруашылығына жаңа инвестицияларды тартуға мүмкіндік беретін астық қолхаттары еркін айналыста. Сонымен бірге заңнамалық базаны бұдан әрі де жетілдіруді қажет ететінін талдау көрсетіп отыр.

Осыған байланысты, Заң жобасы астық нарығын реттеу саласында құқықтық негіздерді жетілдіруге бағытталған және мына мақсаттарды көздейді:

1. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу жүйесін жетілдіру саласында

Лауазымды тұлғалардың тарапынан кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласудың заңдылығын қамтамасыз ету және оны жою мақсатында заң жобасы Қазақстан Республикасының Азаматтық жүргізу кодексіне, «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына лауазымды тұлғалардың тарапынан шаруашылық ететін субъектілердің қызметіне заңсыз араласудың заңдылығын және негізділігін қамтамасыз етуге кепілдік беретін нормаларды енгізуді көздейді.

2. Электрондық астық қолхаттары жүйесін енгізу саласында

Астық қолхаттарының институты 2001 жылы енгізілді және жалпы адекватты заңнамалық базаның арқасында өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Өтімділік кепілі жоқ шағын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің негізгі бөлігіне банктерде кредит алу мәселесін шешуге мүмкіндік беретін астық қолхатының белсенді айналысын қамтамасыз ету ең маңызды мәселе болып табылады.

Құжатталған нысанда астық қолхаттарын енгізу астықты электронды сату жүйесін жасау жолында маңызды кедергі болып табылады. Мұндай жүйені

құру Қазақстан нарығының объективті қажеттілігі болып табылады, оның қажеттілігі мемлекеттік және коммерциялық мүдделерге негізделеді.

Құжатталған астық қолхаттарының айналысы кезінде астық нарығында орын алатын проблемалардың бір шешімі ретінде оларды құжатталмаған түрге ауыстыру қарастырылады. Құжатталмаған құнды қағаздың айналымы жалпыға ортақ әлемдік тәжірибе болып табылады, ол кең таралған, оның ішінде Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығында.

3. Бақылау жүйесін жетілдіру

Астық қолхаттарының қолданыстағы жүйесін талдау соңғы жылдары құнды қағаз ретіндегі астық қолхатының және жалпы астық қолхаты жүйесінің сенімділігі мен өтімділігін төмендететін фактілердің болуын растайды.

ҚР АШМ АӨК-дегі Мемлекеттік инспекция комитетінің ақпараты бойынша 2008-2010 жылдары мемлекеттік астық инспекторлары алыс-беріс астығының кем шығу фактілерін, болмаған астық көлеміне астық қолхаттарының үзінділерін беру, сондай-ақ астық қолхаттарын қолдан жасау фактісін анықтаған.

Сонымен, қамтамасыз етілмеген астық қолхаттары 55546 тонна көлемге жазылған, кем шығу 180750 тоннаны құрады. Астықты есепке алу журналдары мен кітаптарында жалған мәліметтерді тіркеу фактілері бар. АҚК-ларда астық қозғалысы мониторингінің тиімді жүйесі жоқ.

Бірақ жоғары тәуекел дәрежесіне қарамастан АҚК жоспарлы тексеру жарты жылда бір рет жүзеге асырылуы мүмкін. Жоспарлы тексерістердің арасындағы жарты жылдық интервал астық туралы заңнаманы бұзуға мүмкіндік береді, мұндай интервал АҚК астық көлемін қалпына келтіруге немесе есеп құжаттамаларын тәртіпке келтіруге мүмкіндік береді.

Бұл ретте, АҚК жоспардан тыс тексеріс жүргізу жеке және заңды тұлғалардың өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Осыған байланысты заң жобасында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына астық нарығы саласында жоспарлы тексерістердің жиілігін ұлғайту және АҚК жоспарлы тексерістердің жиілігін ұлғайту бөлігінде түзетулер енгізу көзделеді.

Заң жобасын іске асыру үшін негізгі заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарланып отыр:

I. Қазақстан Республикасының Азаматтық жүргізу кодексі.

II. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

III. «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

IV. «Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

V. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

ҮІ. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

І. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне түзетулер астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау рәсімдерін реттеуге бағытталған және:

1. Соттың астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы істерді ерекше іс жүргізу тәртібінде қарауын.

2. Соттың астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауын көздейді.

ІІ. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде,

- мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректерді уақытылы ұсынбағаны;

- мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға әкімшілік дәйексіз деректер ұсынғаны үшін ескерту түрінде әкімшілік жаза көзделген.

Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректерді ұсынбағаны және жоғарыда аталған бұзушылықтар қайталап жасалғаны үшін 7 АЕК мөлшерінде айыппұл көзделген.

Статистикалық есепті ұсыну кезінде бұрмалаудың алдын алу мақсатында лауазымды адамдардың жауапкершілігін күшейтуге бағытталған түзетулер енгізіледі, онда жоғарыда аталған екі бұзушылықты бір рет жасағаны үшін 10 АЕК, әкімшілік деректерді ұсынбағаны не қайталап жасалғаны үшін 20 АЕК мөлшерінде айыппұл көзделеді.

ІІІ. Заң жобасы «Астық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының мына бөліктеріне түзетулер енгізуді көздейді:

1. *Электрондық астық қолхаттарының жүйесін енгізу.*

Электрондық астық қолхаттары жүйесін енгізу мәселелеріне қатысты ұғымдармен толықтыру ұсынылады, атап айтқанда электрондық тізілімінің әкімшісі, астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізілімі, сондай-ақ электрондық астық қолхаты.

Сонымен бірге жоба электрондық астық қолхатының айналысын реттейтін негізгі құқықтық нормаларды белгілейді.

2. *Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу жүйесін жетілдіру.*

3. Астық қабылдау кәсіпорны сақтауға қабылдаған астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісін айқындау, сондай-ақ астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісі орын алған кезде залалдың мөлшерін есептеу қағидаларын бекіту бойынша *Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретін белгілеу.*

ІV. Заң жобасы «Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды

енгізу жүйесін жетілдіру бойынша түзетулер енгізуді көздейді.

Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешімді сот органдары қабылдайтын болады.

V. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 136 Жарлығын орындау мақсатында, Заң жобасы «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ауылдық аумақтарды дамыту саясатын дайындау, қалыптастыру және іске асыру бөлігінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі арасындағы өкілеттікті белгілеу бойынша түзетулер енгізу көзделеді.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ауылдық жерлерде микрокредит беру жүйесін дамыту мониторингін жүзеге асыру қызметі, Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрлігіне (1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру, (2) жергілікті атқарушы органдардың ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру, (3) ауылдық аумақтарды дамыту бөлігінде жергілікті атқарушы органдардың өңірлік бағдарламаларын, стратегиялық жоспарларын және жергілікті инвестициялық жобаларды келісу, (4) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

VI. Астық туралы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Заң жобасы астық қабылдау кәсіпорындарын жоспарлы тексерулердің жиілігін ұлғайтуды көздейді.

Астық нарығы (астық қабылдау кәсіпорындарын бақылауды қоспағанда) саласын бақылау:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – тоқсанына бір реттен;
орташа тәуекел дәрежесі кезінде – жарты жылда бір реттен;
болмашы тәуекел дәрежесі кезінде – жылына бір реттен;

Астық қабылдау кәсіпорындарын бақылау бөлігінде астық нарығы саласында:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – айына бір реттен;
орташа тәуекел дәрежесі кезінде – тоқсанына бір реттен;
болмашы тәуекел дәрежесі кезінде – жарты жылда бір реттен.

Осы Заң жобасын қабылдаудан және іске асырудан мынадай нәтижелер күтіледі:

1. Астық қабылдау кәсіпорындарының астық туралы заңнаманы бұзушылықтарының алдын алу.

2. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің, сондай-ақ астық қолхаттарын ұстаушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

3. Астық қолхаты қозғалысының айқындылығы және ел бойынша астық қозғалысына талдауды жедел қалыптастыру.

4. Мәміле жасау кезінде шығындарды төмендету, бұрмалауды жою және астық қолхатын ресімдеуге уақыт шығынын қысқарту.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!